REVIEW

of the international consultant, Professor Yucel Gelisli, Gazi University, Turkey, of the dissertation research of Sanbayeva Balym Zhalgasqyzy «Socio-pedagogical adaptation of foreign students to the university environment», submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the educational program 8D01801 – Social pedagogics and Self-Cognition.

The relevance of the doctoral dissertation by Sanbayeva Balym Zhalgasqyzy is determined by contemporary trends in the internationalization of higher education, the expansion of academic mobility, and the increasing number of international students enrolled in universities. In the context of globalization, the effective adaptation of international students to the social, cultural, and academic environment of the host country has become an important issue in higher education.

A modern university is not only an educational institution but also a complex socio-cultural environment in which international students must adapt to new academic standards, social norms, communication practices, and cultural values. Therefore, the adaptation process includes social, pedagogical, psychological, and cultural dimensions.

The effectiveness of international students' academic performance largely depends on their level of adaptation to the university environment. Insufficient adaptation may lead to academic difficulties, reduced motivation, social isolation, and psychological stress. This creates the need for evidence-based theoretical approaches and practical models that support students' adaptation processes.

Despite the growing number of studies in this field, the socio-pedagogical adaptation of international students remains insufficiently explored from a systemic and structural perspective. Existing studies often lack integrated models that comprehensively address the multifactorial nature of adaptation in higher education settings.

The dissertation addresses the development of a structural and content-based model of socio-pedagogical adaptation of international students to the university environment. The proposed model is based on interconnected social, pedagogical, cultural, and psychological factors that influence the effectiveness of adaptation. The study is grounded in systemic, learner-centered, competence-

41

based, activity-based, and intercultural approaches, ensuring the scientific validity and consistency of the research.

A significant contribution of the dissertation is the development and experimental verification of the proposed adaptation model. The empirical research was conducted through diagnostic, formative, and control stages and involved a representative sample of international students. The results of the formative experiment demonstrated significant positive changes in students' socio-pedagogical adaptation levels, thereby confirming the effectiveness of the proposed structural and content-based model.

In addition, the results of the dissertation research were reflected in an international scientific publication authored by Sanbayeva B.Zh. entitled "Socio-Pedagogical Adaptation of Kazakh Students at Higher Education Universities in Türkiye: A Case Study at Gazi University," published in a peer-reviewed international journal. This study was conducted on the basis of research carried out in Türkiye during the author's foreign internship experience, and it was published in the Scopus database in the field of Education, with a percentile of 57 and classified as Q2. The study examined the adaptation experiences of Kazakh students studying in Türkiye, using Gazi University as a case study. The findings highlighted the important role of language proficiency, sociocultural integration, and institutional support in the successful adaptation of international students.

The dissertation demonstrates a high level of scientific rigor, methodological validity, and practical significance. The author successfully combines theoretical analysis with empirical research and formulates well-grounded conclusions and recommendations aimed at improving the socio-pedagogical adaptation of international students within the university environment.

Overall, the dissertation entitled «Socio-pedagogical adaptation of foreign students to the university environment» represents an independent and scientifically substantiated research work that contributes significantly to the theory and practice of social pedagogy. The dissertation fully meets the requirements for doctoral dissertations submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) under the educational program 8D01801 – Social pedagogics and Self-Cognition and may be recommended for public defense.

International Consultant
Professor

Yucel Gelisli

22 SEP 2026

Түркия Республикасы, Gazi University профессоры, халықаралық консультант Южел Гелишлидің (Yucel Gelisli) 8D01801 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Санбаева Балым Жалғасқызының «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына берген

Пікірі

Санбаева Балым Жалғасқызының докторлық диссертациясының өзектілігі жоғары білім беруді интернационалдандырудың заманауи үрдістерімен, академиялық ұтқырлық ауқымының кеңеюімен және жоғары оқу орындарында білім алатын шетелдік студенттер санының артуымен айқындалады. Жаһандану жағдайында шетелдік студенттердің қабылдаушы елдің әлеуметтік, мәдени және академиялық ортасына тиімді бейімделуі жоғары білім беру саласындағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазіргі университет тек білім беру ұйымы ғана емес, сонымен қатар шетелдік студенттер жаңа академиялық талаптарға, әлеуметтік нормаларға, қарым-қатынас ерекшеліктеріне және мәдени құндылықтарға бейімделетін күрделі әлеуметтік-мәдени орта болып табылады. Осыған байланысты бейімделу үдерісі әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық және мәдени аспектілерді қамтитын кешенді сипатқа ие.

Шетелдік студенттердің академиялық жетістіктері олардың университеттік ортаға бейімделу деңгейіне едәуір дәрежеде байланысты. Бейімделу деңгейінің жеткіліксіздігі академиялық қиындықтарға, оқу мотивациясының төмендеуіне, әлеуметтік оқшаулануға және психологиялық күйзеліске әкелуі мүмкін. Бұл студенттердің бейімделу үдерісін қолдауға бағытталған ғылыми негізделген теориялық тұғырлар мен практикалық модельдерді әзірлеу қажеттілігін туындатады.

Аталған бағыттағы зерттеулер санының артуына қарамастан, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі жүйелік және құрылымдық тұрғыдан әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Қолданыстағы зерттеулерде жоғары білім беру жағдайындағы бейімделудің көпфакторлы сипатын кешенді түрде қамтитын интеграциялық модельдер жеткіліксіз ұсынылған.

Диссертациялық зерттеуде шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу мәселесі қарастырылған. Ұсынылған модель бейімделудің тиімділігіне ықпал ететін өзара байланысты әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық факторларға негізделген. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, іс-әрекеттік және мәдениетаралық тұғырлар құрайды, бұл зерттеу жұмысының ғылыми негізділігі мен ішкі бірізділігін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыстың маңызды ғылыми нәтижелерінің бірі – ұсынылған бейімделу моделінің әзірленуі және оның тиімділігінің эксперименттік тұрғыдан тексерілуі. Эмпирикалық зерттеу диагностикалық, қалыптастырушы

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ

және бақылау кезеңдері арқылы жүргізіліп, оған шетелдік студенттердің репрезентативті іріктемесі қатысты. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейлерінде статистикалық мәнді оң өзгерістердің орын алғанын көрсетті. Алынған нәтижелер ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін растады.

Сонымен қатар диссертациялық зерттеудің нәтижелері Санбаева Б.Ж. авторлығымен жарық көрген «Socio-Pedagogical Adaptation of Kazakh Students at Higher Education Universities in Türkiye: A Case Study at Gazi University» атты халықаралық ғылыми мақалада көрініс тапқан. Аталған зерттеу автордың Түркиядағы шетелдік ғылыми тағылымдамасы барысында жүргізілген зерттеу жұмыстарының негізінде орындалып, рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда жарияланған. Басылым Scopus деректер базасында Education бағыты бойынша индекстеледі, 57-процентиль көрсеткішіне ие және Q2 квартиліне жатады. Зерттеуде Түркия Республикасында білім алып жүрген қазақстандық студенттердің бейімделу тәжірибесі Гази университеті мысалында қарастырылған. Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің табысты бейімделуінде тілді меңгеру деңгейінің, әлеуметтік-мәдени интеграцияның және институционалдық қолдаудың маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Диссертациялық жұмыс ғылыми негізділігінің, әдіснамалық дәйектілігінің және практикалық маңыздылығының жоғары деңгейімен сипатталады. Автор теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеу нәтижелерін өзара сабақтастықта ұштастырып, шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген қорытындылар мен практикалық ұсыныстар тұжырымдаған.

Жалпы алғанда, «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс әлеуметтік педагогика теориясы мен практикасының дамуына елеулі үлес қосатын, дербес орындалған және ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеу болып табылады. Диссертация 8D01801 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және ашық қорғауға ұсынуға лайық.

Халықаралық консультант
Профессор **Юджел Гелишли**

22 қыркүйек 2026 ж.

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА
ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ